

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы  
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының  
шешімімен енгізілді  
2014 жылғы 05.02 Жарғам



**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының  
Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу**

1. «Қоғам қызметінің мақсаттары мен мәні» деген 3-тарауда:
  - 3.2-тармақтың 54-2) тармақшасы мына төмендегі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:


«Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарына өтемділік, мерзімдік және қайтарымдылық шарттарымен займдар (несиелер) ұсынып;»
  2. «Директорлар кеңесі» деген 21-тарау:
    - 12.2-тармақ мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

«19-1) Жарғыға сәйкес атқарушы органның, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелерді қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен (оның ішінде көрсетілген органдар бекіткен ішкі құжаттар) айқындалған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;»
    - 12.3-тармақтың 8) тармақшасының үшінші абзацындағы бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің Қоғам Басқармасының төрағасы болып табылмайтын мүшесі басқарады.»
  3. «Қоғамның басқармасы» деген 13-тарауда:
    - 13.1-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді ұзақ мерзімді сатып алудың жоспарын бекітеді;»
  4. «Қаржылық есептілік, есеп жүргізу құжаттамасы және аудит» деген 16-тарауда:
    - 16.6-тармақтағы «жылдық бухгалтерлік балансты, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есепті, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп пен пайда мен шығындар туралы есепті ..... мерзімдерде,» деген сөздер «топтастырылған жылдық қаржылық есепті және аудиторлық есепті ..... тәртіппен және мерзімдерде» деген сөздермен ауыстырылсын.

Бас директор  
(басқарма төрағасы)

  
*А. Нұрсейітов*

А. Нұрсейітов

Келесі бетке қараңыз  
См. на обратной стороне